

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті»

ҚеАҚ Басқармасы шешімімен бекітілді
«Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым
Министрлігі» сәуірдегі №6 хаттама



Басқарма Төрағасы – ректор

Н.О. Дулатбеков

(өзгерістер мен толықтырулармен
2026 жылғы «13» сәуірдегі № 8 хаттама)

Теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік саясаты «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» ҚеАҚ

1. Жалпы ережелер

Осы «Қарағанды ұлттық зерттеу (Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде өзгерістер енгізілді, № 8 хаттама) университеті Е.А. Бөкетов» ҚеАҚ-н (бұдан әрі - Университет) Теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік саясаты (бұдан әрі - Саясат) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға академиялық білім беру ортасында сапалы білімге және тең дәрежелі жағдайға (Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде өзгерістер енгізілді, № 8 хаттама) қолжетімділікті қамтамасыз ету, қандай да бір белгілер бойынша кемсітуге жол бермеу тәртібін айқындайды. Саясат халықаралық құқықтық құжаттар мен Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен, сондай-ақ Университеттің Академиялық саясатымен, Әлеуметтік саясатымен негізделеді және автономды сипатқа ие, Университеттің ішкі нормативтік құжаттары классификаторымен қарастырылған тәртіппен бекітіледі. Университет, Sustainable Development Solutions Network-ке (Тұрақты даму саласындағы шешімдер желісіне) кіре отырып, Тұрақты даму саласындағы мақсаттарға (ЦУР) сәйкес әрекет етеді, атап айтқанда, 4-ші мақсат - Сапалы білім беру: білім алушылардың мүдделері мен ерекше мұқтаждықтарын ескере отырып, сапалы жоғары білім алуға барлығы үшін тең қолжетімді жағдайларды туғызу және кемелдендіру, әлеуметтік, тілдік кедергілерден еркін, барлығы үшін қауіпсіз және тиімді білім алу ортасын қамтамасыз ету; 5-ші мақсат – Гендердік теңдік: университет қоғамында әйелдердің ролін күшейте отырып, ғылыми, басқарушылық және іскерлік әлеуеттерін дамыту мүмкіндіктерін кеңейту (Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама).

Арнайы және/немесе қосымша жағдайлар білім алушылардың сұраныстары мен өтініштеріне сай жасалады, білім алудағы ерекше қажеттіліктер туралы ақпаратты таратуға жол берілмейді, қажетіне қарай ақпарат білім алушының мүддесіне сәйкес және өз келісімімен тиісті бөлімдерге жеткізіледі.

Университет әлеуметтік, гендерлік, ұлттық және т.б. айырмашылықтарды қабылдау мәдениетін, адамдарды елдің адами әлеуеті ретіндегі құндылығын түсінуді, барлық әлеуметтік топтарға қамқорлық жасауды тарата отырып, инклюзивтілік пен әртүрліліктің үлгісі болуға ұмтылады.

2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

Теңдік - жынысқа, жасқа, этникалық және басқа да белгілерге байланысты кемсітушілікті болдырмау.

Әртүрлілік - нәсіл, түс, дін, жыныс, гендерлік сәйкестілік немесе өзін-өзі көрсету, отбасылық жағдай, жүктілік, жас, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, мүгедектік, кәсіподақ мүшелігі, саяси нанымдар немесе басқа сипаттағы заңды түрде қорғалатын жеке айырмашылықтарды мойындау және қабылдау.

Инклюзивтілік - нәсіліне, жынысына, мүгедектігінің болуына, медициналық немесе өзге де қажеттіліктеріне қарамастан барлық адамдарды қамту және тең қолжетімділік пен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, кемсітушілік пен төзбеушілікті жою.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) - тиісті деңгейдегі және қосымша білім алу үшін тұрақты немесе уақытша сипаттағы арнайы жағдайларға мұқтаж адамдар (балалар).

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау - білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды анықтау.

Инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу - білім беру ұйымдарында іске асырылатын, оның барысында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше мұқтаждықтары бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі түрде ұйымдастырылған қызмет.

Білім алуға арналған арнайы жағдайлар - ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі оларсыз мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнайы, жеке дамытушы және түзету-дамытушы бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, өмір сүру ету ортасын, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар.

Әлеуметтік инклюзия - жынысына, жасына, әлеуметтік мәртебесіне, білім берудің өмірлік контекстіне, этникалық тегіне қарамастан, адамдардың өмірдің барлық салаларына, шешім қабылдау процесіне толыққанды және белсенді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында барлығының тең мүмкіндіктеріне қол жеткізу үшін белгілі бір күш-жігерді талап ететін процесс.

Өмірлік қиын жағдай – адамның өз бетінше еңсере алмайтын (мүгедектік, жетімдік, аз қамтылу және т.б.), тіршілік әрекетін объективті түрде бұзатын жағдайлар.

Әлеуметтік кедергі – адамның әлеуметтік мәртебесіндегі, жасындағы, қоғамдағы жағдайындағы және т.б. айырмашылықтардың салдары.

Тілдік кедергі - әртүрлі тілдік топтардың адамдары арасындағы қарым-қатынаста туындайтын қиындықтар.

Психологиялық кедергі - адамның өмірдегі белгілі бір жағдайларда өзге адамдармен қарым-қатынаста өзін табиғи, бос және еркін ұстауына тосқауыл болатын ішкі, психологиялық себеп.

Денсаулық мүмкіндіктерінің шектелуі - адамның әлеуметтік өміріне әсер ететін ағза дамуындағы физикалық немесе психикалық бұзылыстар.

Мүгедектік - адамның физикалық немесе психикалық күйіне байланысты әдеттегі функцияларды орындау қабілетін жоғалтуы.

Дискриминация — адамның немесе адамдар тобының жынысы, нәсілі, жасы, діні, мүгедектігі, жыныстық бағдарының сипатына қарай олардың құқықтарына негізсіз қысым көрсету мен бостандығын шектеудің жеке, институционалдық немесе құрылымдық деңгейлерде көрініс беруі *(Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама)*.

3. Мақсат

Университетте барлық ресурстарға тең қолжетімділік негізінде жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету және нақты өмірлік жағдайларда ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипатын ескере отырып және гендерлік сәйкестігіне қарамастан білім алушылардың әлеуметтік қорғалуына, психологиялық, құқықтық және қаржылық қолдауға ие болуына, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруына, зияткерлік әлеуетін дамытуға, ғылыми-зерттеу істеріне қатысуға жағдай жасау *(Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде өзгерістер енгізілді, № 8 хаттама)*.

4. Міндеттер

- адами капиталдың сапасын арттыруға жәрдемдесу;
- білім алушылардың бейімделу ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты даму мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;
- өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету;
- білім алушылардың дербес әлеуметтік интеграциясын дамытуда құқықтық, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру;
- мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу, құқық бұзушылықтар мен жағымсыз әлеуметтік көріністердің алдын алу;
- болашақ кәсіби қызмет саласында қажетті құзыреттерді игеру үшін білім алушылардың білім беру ресурстарына қол жеткізудің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

- білім алушыларға, соның ішінде шетелдік студенттерге университетте оқу мен өмір сүруге бейімделуге жәрдемдесу;
- тұлғаның ішкі әлеуетін, өзіндік ерекшелігі мен байлығын ашуда жан-жақты қолдау;
- қоғам мүшелерінің теңдік, толеранттылық пен құрмет, әділдік пен ынтымақтастыққа негізделген өзара қарым-қатынасын насихаттау;
- отбасы институты мен гендерлік теңдікті нығайту (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама*);
- әйел жынысты білім алушылардың университет өмірінің барлық салаларына белсенді араласуларына ықпал жасау (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама*);
- психологиялық, соматикалық және репродуктивтік денсаулық мәселелері бойынша ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама*);
- гендерлік тиесілігіне қарамастан, құқықтарға қысым жасайтын кемсітушілікке, бостандықты шектеуге және бейтарап қарым-қатынасқа жол бермеу (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама*).

5. Қағидалар

- сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі;
- интеллектуалдық даму, психика-физиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігі;
- білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, тұлғаның еркін дамуының басымдығы;
- адамның жынысына, нәсіліне, жасына, дініне, мүгедектігіне, гендерлік ерекшеліктеріне қарамастан құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде өзгерістер енгізілді, № 8 хаттама*);
- жалпыадамзаттық құндылықтар мен тұлғаның еркін дамуының басымдығы;
- өзін-өзі жүзеге асыру процесіне қолайлы жағдай жасау негізінде тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуды ынталандыру;
- университет ресурстарына тең қолжетімділік кепілдігі;
- медициналық-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және құқықтық қолдау көрсетудегі кешенділік пен жеке ыңғай;
- қыз/әйел білім алушылардың ғылыми және басқарушылық әлеуеттері мен саяси мәдениеттерін дамыту (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама*).

6. Ресурстар

- корпоративтік құжаттар;
- Инклюзивті және арнайы білім берудің ресурстық орталығы;

- инклюзивті білім беру кабинеттері;
- Білім беру қызметін психологиялық сүйемелдеу орталығы (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама*);
- Заң басқармасы (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама*);
- Студенттер сарайы;
- студенттер үйлері;
- Рекреациялық спорт орталығы;
- «Biz Barmyz», «Мейірім», «Good Way» еріктілер клубтары;
- Студенттік парламент;
- сенсорлық бұзылыстары бар адамдарға арналған орындары бар және арнайы жабдықталған кітапхана;
- инклюзивті білім беру жағдайларында педагогикалық процесті ұйымдастыру бойынша біліктілікті арттыру сертификаттары бар ПОҚ;
- бейіндік кафедралар.

7. Білім беруде тең және қолжетімді жағдайлармен қамтамасыз ету

7.1. Қабылдау, ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау:

- қабылдау кезінде зият қабілетінің сақталғандығын растайтын орта және арнаулы орта білім туралы құжатты есепке алу (зият қабілеті бұзылған жағдайда талапкердің аттестаты ерекше үлгіде болады);
- ресми мүгедектік мәртебесі бар білім алушыларды және студенттер арасында сауалнама нәтижесі бойынша әртүрлі сипаттағы уақытша немесе тұрақты ерекше қажеттіліктерге байланысты проблемалардың (денсаулық күйлері/жүктілік, әлеуметтік-психологиялық, тілдік кедергілер, жаңа ортаға бейімделу қиындықтары, академиялық және/немесе материалдық-тұрғын үй қиындықтары және т. б.) бар-жоғын есепке алу (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде өзгерістер енгізілді, № 8 хаттама*);
- қолжетімді және инклюзивті оқу ортасын құру тетіктерін анықтау бойынша университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру, жұмысты жоспарлау және іске асыру.

7.2. Әлеуметтік-құқықтық және ақпараттық қолдау:

- шетелдік азаматтар қатарындағы және/немесе ресми мүгедектік мәртебесі бар білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін және туындаған құқықтық мәселелерді шешу үшін тиісті мемлекеттік және мемлекеттік емес институттардың қатысуымен құқықтар мен міндеттер туралы ағарту жұмыстарын іске асыру;
- шетелдік азаматтар қатарындағы білім алушылардың үшін елде болу мен тұру ережелері, оқу процесін ұйымдастыру туралы қолжетімді ақпарат беру (ақпараттық стендтер, брошюралар мен буклеттер, интернет-сайттар және т.б.);
- ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін теңдік, өзара сыйластық, толеранттылық, ынтымақтастық идеяларын, зорлық-зомбылықсыз саясатты,

білім беру ортасының инклюзивтілігі мен әртүрлілігін ілгерілетуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;

- білім алушыларды академиялық және әлеуметтік ортаға белсенді ықпалдастыру шаралары (университет өміріне, азаматтық-патриоттық, қоғамдық пайдалы, шығармашылық, көркемдік, спорттық және т.б. бағыттағы түрлі қызметтерге тарту);

- өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға әлеуметтік және құқықтық қорғау мәселелері бойынша кеңес беру;

- білім алушылардың әлеуметтік-мәдени бейімделу жағдайларын қамтамасыз ету;

- шығармашылық белсенділікті дамытуға жәрдемдесу (университеттің шығармашылық бірлестіктерінің қызметіне қолжетімділікті қамтамасыз ету, білім алушылардың шығармашылық бағдарламалары мен жобаларын іске асыруға көмектесу, әлеуметтік-инклюзивті бағыттағы бағдарламаларды әзірлеу);

- университеттің шығармашылық жастарының дарынды өкілдерін қолдау;

- жастар ортасында толеранттылық мәдениетін дамыту мақсатында білім беру, мәдениет институттарының, қоғамдық бірлестіктердің байланысын үйлестіру;

- білім алушыларды халықтың әртүрлі санаттарын қолдау жөніндегі әлеуметтік бағдарламалар мен жобалар туралы хабардар ету;

- шетелдік азаматтар қатарындағы білім алушылар үшін жаңа әлеуметтік-мәдени және тілдік ортаға, оқытудың жаңа әдістері мен нысандарына, режимнің өзгеруіне, жаңа табиғи-географиялық және климаттық жағдайларға байланысты қолайсыз эмоционалдық және психикалық күйлерді болдырмау үшін еріктілер тарапынан көмек көрсету;

- отбасы құндылығы мен әйелдің қоғамдағы ролін насихаттайтын іс-шаралар өткізу *(Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама)*;

- психикалық, соматикалық және репродуктивтік денсаулықты сақтау бойынша ақпараттар жеткізу *(Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама)*;

- университеттегі Білім алушыларға оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер жасау туралы Ережеге сәйкес қаржылық қолдау туралы ақпаратты жеткізу *(Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама)*.

7.3. Психологиялық –педагогикалық сүйемелдеу:

- кадрлық қамтамасыз ету (инклюзивті білім беру әдістемесі бойынша біліктілікті арттыру немесе тағылымдамадан/қайта даярлаудан өткен мамандардың болуы);

- білім алушылардың, ПОҚ, ӘБП және ҚКП ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға толерантты қарым-қатынасы;

- қажетіне қарай талапкерлерді университеттегі академиялық процесс сұрақтары бойынша консультациямен қамтамасыз ету;

- оқу жүктемесінің икемді көлемі қарастырылған оқытудың жеке траекторияларының болуы (студенттің психикалық-физикалық жай-күйін немесе әлеуметтік жағдайы ескеріле отырып жоспарланған аудиториялық және аудиториядан тыс академиялық сабақтардың сағаттары);

- оқыту кезіндегі жеке-сараланған тәсіл, оқу материалының бейімделуі және сенсорлық-моторлық шектелулерді, сондай-ақ мәдени және тілдік ерекшеліктерді ескере отырып, арнайы оқыту әдістерін қолдану;

- емтихан материалдарының модификациясы мен бейімделуі, аралық және қорытынды аттестаттау нысандарының нәтижелерді бағалаудың вариативтілігі;

- қажетіне қарай тапсырмаларды орындау кезінде қосымша уақыт беру, тапсыру мерзімдерін ұзарту;

- көмекші құрылғыларды пайдаланудың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- емтихан кезінде ерекше жағдайлар қажет болғанда жеке бөлме беру (студент конвертерді пайдаланады, яғни оқу кезінде аудио сүйемелдеу болуы мүмкін, иіс, шу мен жарыққа жоғары сезімталдық танытуы мүмкін, т.б.);

- ассистент/тьютор/көмекшінің көмегін пайдаланудың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- білім алушылардың жеке-бейімделу ерекшеліктеріне сәйкес кәсіптік практикадан өту уақытында ерекше жағдайлармен қамтамасыз ету;

- ерекше білім беру қажеттілігі бар түлектерге жұмысқа орналасуға жәрдемдесу (еңбек және әлеуметтік қорғау ұйымдарымен байланыс, еңбек нарығының мониторингі, бос жұмыс орындарын есепке алу және т.б.);

- психологиялық және құқықтық кеңес беру (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама*).

7.4. Дәрігерлік-санитарлық /емдік шаралар немесе денсаулық сақтау режимі:

- білім алушыларды спорттық іс-шараларға белсенді қатысуға және спортпен тұрақты шұғылдануға тарту;

- білім алушылар арасында денсаулық пен салауатты өмір салты туралы білімдерді дәрістер мен әнгімелер және бұқаралық сипаттағы басқа да іс-шаралар түрінде насихаттау.

- дәрігерлік комиссияның айғақтарына сәйкес емдік денешынықтыру сабақтарын (ЕДШ) ұйымдастыру және өткізу;

- мүгедектік дәрежесі бар білім алушылардың физикалық және соматикалық жағдайын есепке алу мен бақылауды қамтамасыз ету;

- дәрігерлік көмек көрсету мен емдеу, профилактикалық және оналту іс-шараларымен қамтамасыз ету;

- спорттық-сауықтыру бағытындағы іс-шараларды ұйымдастыру.

7.5. Материалдық-техникалық жабдықтау:

- архитектуралық қолжетімділікті және іргелес аумақты қамтамасыз ету кезінде мүгедектігі бар және ерекше қажеттілігі бар білім алушылардың сенсорлық бұзылыстары мен тірек-қимыл аппаратының бұзылыстарын есепке алу;

- кіреберісте дабыл және ескерту жүйесінің болуы;

- ақпараттық навигация құралдарымен қамтамасыз ету (жүгіртпе жолдар, аудио сүйемелдеуі бар таблоидтар, бедерлі қаріппен немесе Брайль шрифтімен жазылған тақтайшалар, тактильді жолдар);

- баспалдақтардың пандустармен немесе көтергіш құрылғылармен жабдықталуы, баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықтау, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояулармен бояу;

- қимыл-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар адамдарға қажеттіліктеріне сай жабдықталған санитарлық бөлмелердің болуы (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама*);

- мүгедектігі бар адамдар үшін автокөлік құралдарын тұраққа қою үшін орын бөлу;

- ассистивті технологиялармен, оқу құралдарымен, оқу әдебиеттерімен, бейімделген бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықталған арнайы кабинеттердің болуы (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде өзгерістер енгізілді, № 8 хаттама*);

- оқу корпустары мен студенттер үйлерінде психологиялық жайлылық аймақтарының (коворкинг, релаксация орталықтары/бөлмелері) болуы (*Басқарма отырысына 2026 жылғы 13 сәуірде толықтырулар енгізілді, № 8 хаттама*).